

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 209 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 шілдедегі N 720 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.05. N 373 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының қазақстандық бөлігінің тең төрағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 209 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 11, 116-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының қазақстандық бөлігі тең төрағаларының құрамында:

мына:

"Қазақстан-ресей әскери-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі кіші комиссия - Лукин Андрей Иванович - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан-ресей әскери-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі кіші комиссия - Кравченко Иван Михайлович - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*